

**"Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 459 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 тамызда № 36692 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Салықтық және кедендік әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16450 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 43-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*М. Такиев*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 25 тамыздағы  
№ 459 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің  
2018 жылғы 8 ақпандағы  
№ 146 бұйрығына  
43-қосымша  
нысан

Ірі салық төлеушілердің мониторинг нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша уәжді шешім

|                                |  |         |
|--------------------------------|--|---------|
| 20 _____ жылғы " _____ " _____ |  | № _____ |
| (тіркелген күні)               |  |         |

(мемлекеттік кірістер органының атауы)  
"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 132-бабы 2-тармағына сәйкес Сіздің

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе толық атауы)

(жеке-сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)  
20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жазбаша түсіндірмеңізді қарап

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Салық кодексінің 132-бабы 2-тармағына сәйкес Сіз осы шешіммен келісетініңіз туралы хабарламаны ол табыс етілген (алған) күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынуыңыз қажет.

Шешіммен келісу туралы хабарлама ұсынылмаған кезде Сізге қатысты Салық кодексінің 142-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес тақырыптық салықтық тексеру тағайындалатын болады.

Мемлекеттік органның басшысы (басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе))  
(қолы)

Мөр орны

Шешімді алдым:

---

---

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), (қолы, күні)

Мөр орны (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)

Шешім салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

---

---

(мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)